



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 10 қазан

Ұлттық Банкте қаржы реттеушісі мен сараптамалық қоғамдастық өкілдерінің кезекті кездесуі өтті

Бүгін Алматыда ҚР Ұлттық Банкі өкілдерінің қаржы сарапшыларымен кезекті кездесуі өтті, оның барысында реттеушінің ақша-кредит саясатының мәселелері, ақша және валюта нарықтарындағы ахуал, сондай-ақ ҚР ҰБ-ның базалық мөлшерлемені 10,25% деңгейінде сақтау жөніндегі соңғы шешімі талқыланды.



ҚР ҰБ Зерттеулер және статистика департаментінің директоры Виталий Тутушкин кездесуге қатысушыларға ҚР ҰБ-ның базалық мөлшерлемені +/-1% симметриялық дәлізбен 10,25% деңгейінде сақтау жөніндегі шешімін түсіндірді. Ол жылдық инфляцияның нақты және болжамдық деңгейлерінің бір жарым жыл бойы 2017 және 2018 жылдарға арналған нысаналы дәлізде тұрғанын атап өтті.

«Халықтың инфляциялық күтулері тұрақты деңгейде. Инфляция факторлары сыртқы сектор тарапынан қолайлы ретінде бағалануда. Ақша-кредит талаптары бейтарап деңгейде тұр. Алайда ұсыныс факторлары тарапынан сақталып отырған инфляциялық тәуекелдер, сондай-ақ валюта нарығындағы құбылмалылықтың көтерілуі базалық мөлшерлеменің жылдың соңына дейін төмендеуі әлеуетін шектейді», – деп түсіндірді В.Тутушкин.

Жылдық көрсеткіш бойынша инфляция қыркүйекте 7,1% деңгейінде қалыптасты. Инфляциялық аяның сақталуына ағымдағы жылы азық-түлікке жатпайтын тауарларға деген сұраныстың біртіндеп ұлғаюы нәтижесінде олардың қымбаттауы ықпал етті.

Сарапшылардың сұрақтарына жауап бере келе, В.Тутушкин экономиканың нақты секторындағы жағдай туралы айтып берді: «Нақты көрсетудегі экономикалық белсенділік индексі жоғары деңгейде сақталып қалуда. Тамызда елдегі жиынтық сұранысты білдіретін қысқа мерзімді экономикалық индикатордың өсуі жылдық көрсеткіште 7,8%-ды құрады. Дегенмен, өнеркәсіптік өндірістің, сыртқы сұраныс пен бөлшек сауданың өсуі құрылыстағы, ауыл шаруашылығындағы белсенділіктің баяулауы, сондай-ақ әлсіз инвестициялық белсенділік аясында орын алуда.

Оның айтуынша, Ұлттық Банктің бағалауы инфляция 2017 жылдың соңына қарай 6-8% нысаналы дәліздің жоғары шегіне жақын болады, ал 2018 жылы 5-7% нысаналы дәлізге

бірқалыпты кіре бастайды. «Мұнайдың тұрақты бағасы, ішкі сұраныс тарапынан инфляция басындағы қысым әлсіз болған кездегі инфляциялық күтулердің төмендеуі инфляцияның 2019 жылдың басында 4-6% нысаналы дәлізге кіруіне алып келеді», – деп қорытындылады В.Тутушкин.

В.Тутушкин сыртқы сектор тарапынан тауар және шикізат нарықтарында қалыптасқан ахуал қолайлы әсер етуі мүмкіндігін атап өтті. Мұнай бағасының бір баррель үшін 55 доллардан жоғары деңгейде байқалып отырған қалыптасуы, әлемдік астық өндірісінің рекордтық көлемінің күтілуі және нарықта қантты қайта өндіру нәтижесінде қысқа және орта мерзімді перспективада Қазақстандағы инфляцияның төмендеуіне қолайлы әсер етуі мүмкін.

Өз кезегінде, ҚР ҰБ Монетарлық операциялар департаменті директорының орынбасары Әділ Мұхамеджанов ішкі валюта нарығындағы жағдайға түсініктеме берді.

Оның айтуынша, қазіргі кезде ішкі валюта нарығындағы ахуал тұрақтануда: «Сұраныс жағынан айла-шарғы құрауыштың салдарынан шетел валютасының сұраныс мен ұсынысының теңгерімсіздігі іргелі факторлардың әсерінен біртіндеп түзеліп келе жатыр. Ұлттық валютаның айырбастау бағамы бұрынғыдай толық бағаланбауын көрсетіп отыр және нығаю әлеуетін сақтауда».

Ә. Мұхамеджанов ұзақ мерзімді перспективада теңге бағамының серпіні іргелі факторлардың, төлем балансының жай-күйі, мұнайдың әлемдік бағасы және сауда әріптес-елдердегі валюта бағамы негізінде айқындалатын болады, бұл теңгерімсіздік жиналуын болдырмауға және экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деп атап өтті.

«Еркін айырбастау бағамы жағдайында валюта бағамының құбылмалығы күн сайын орын алуда. Бұл ретте айырбастау бағамының елеулі және тұрақтандырмайтын қысқа мерзімді құбылмалығы Ұлттық Банктің өктемдігін теңестірілуі мүмкін. 2017 жылғы қыркүйекте Ұлттық Банк ұлттық валютаның толық ұсынысы болмауы жағдайында оның сатушысы болды. Ұлттық Банктің нетто-интервенциясының көлемі 69,7 млн. АҚШ долларын құрады», - деді Ә. Мұхамеджанов.



Ол ақша нарығында теңге өтімділігінің құрылымдық профициті сақталып отырғанын түсіндірді: «Сондықтан ҚРҰБ артық өтімділікті сіңіру үшін, негізінен, қысқа мерзімді ноттарды орналастыру арқылы операцияларды жүзеге асырады. 2017 жылғы 9 қазандағы жағдай бойынша ақша-кредит саясатының операцияларын жүргізу салдарынан Ұлттық Банктің таза кредиторлық берешегі үнемі қолжетімді операциялары және ашық нарықта тиісінше 353 млрд. теңге және 2 798 млрд. теңге жалпы сомамен операциялар арқылы өтімділікті алуды қоса алғанда 1 575 млрд. теңгені құрады».

Қаржы реттеушісінің нарықпен және жұртшылықпен белсенді байланысы саясаты шеңберінде Қазақстан Ұлттық Банкі тұрақты түрде сарапшылармен кездесу өткізіп отыратындығын еске саламыз.

Базалық мөлшерлеме бойынша келесі шешім 2017 жылғы 27 қарашада Астана уақыты бойынша сағат 17.00-де жарияланатын болады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz